

**Меңгеруші жапындағы кеңестің
№ 1 хаттамасы**

07.09.2022ж

Қатыскандар: 8

Күн тәртібі:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. Шолу, тексеру қорытындысы
2. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық
3. Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс шаралары жөнінде
4. «Алтын күз» мерекелерінің бағдарламасын бекіту

1.Тыңдалды: Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеріп, қорытындылап б/б меңгерушісі А.Абилдаева таныстырып өтті: Болашақ бүгіннен басталатынын тереңнен зерделесек, жас ұрпақтың тағдыры, оның келешегі, жан-жақты азамат етіптәрбиелеу мәселесі қашан да халқымыздың басты арман мұраты болып келген. Осыған орай, қоғамда білім беру және ғылым беру саласына елеулі өзгерістер енгізіліп жатқан кәзіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдарда білім мазмұнын жаңарту, баланың жеке басын дамыту, жас ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеуді жаңа сапалық деңгейге көтерудің міндеті тұр. Әр бала өз отбасының шаттығы, ата-ананың бізге берген аманатына қиянат жасамауымыз қажет.

Балаларға тәрбие мен білім беруде балаға ұстап көруге, әрекет етуге арналған құралдар, суреттер, заттар, көрнекіліктер қажет. Ол сапалы, әдемі, қауіпсіз де ыңғайлы болуын ескерту қажет. Жалпы топтарға тоқталсам бұрыштарды әле де толықтыра түсуді, мазмұндарын өзгертуді тапсырамын. Дамытушы ортаға қажетті құралдарды әрине ата –аналардың көмегінсіз толықтыра алмаспыз. Бірақ балаға ойынға қажетті құралдар қызықты болу үшін де ойластыру керек. Үлестірмелі материалдарды көбейту, үстел үсті ойындарын шолып, қораптарға салу. Балалар жұмысынан әдемі, көрме ұйымдастыру, ұжымдық жмыстарға тарту қажет. Балаларға еркін қимылдап, өз ойын еркін айтып, қимыл іс –әрекет етуге ықпал етуіміз керек. Үлкендермен құрдастармен қатынасқа түсіп, тіл байлығы, ой –өрісі артады. Қимылды ойындар атрибуттарын жаңартуды, толықтыруды тапсырамын. Табиғат бұрыштарына дәнді дақылдар жинақтап, гүлдерден гербарий жасауға қазір деген уақыты. Жыл бойына ізденіп, материалдар жинақтап, безендіру жұмыстарын аяқтауды тапсырамын.

2.Тыңдалды:Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды: Ия, жаңа сәби тап –таза ақ парак секілді. Оған не жазылатыны қалай жазылатыны ата –анаға байланысты. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі қай кезде де ең өзекті тақырып. Баланы тәрбиелеудегі мақсатымыз оны жан –жақты кемелдендіріп, қоғамға пайдасы тиетін азамат етіп қалыптастыру. Халқымызды «Бала қымбат болса, тәрбиесі одан да

Меңгеруші жанындағы кеңестің №2 хаттамасы

03.11.2022ж

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

1. Өкен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде
2. «Алтын күз» мерекесін талқылау.
3. Ересек жастағы балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
4. Тәуелсіздік, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды: Бала тәрбиесі өте жауапты іс. Сол жауапты істі міндетімізге алған соң , адал атқаруға әрекет етейік.

Өз елін құрметтеп, ұлтжанды болуға, үлкендер еңбегін сыйлауға, Отанға деген сүйіспеншілік, тілге, ұлтымызға, салт –дәстүрімізге деген осы балабақшадағы баспалдақтан бастауды жөн көреміз. Еліміздің рәміздерін біліп, үлкен қалаларымыздағы мәдени орындар мен әсем ғимараттардың атауын білулері қажет. Осы мазмұндарға, тақырыпқа сай дамытушы орталарды толықтырып, көрекіліктер дайындалуы керек, деді.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева балбақшада өткен «Алтын күз» мерекесінің өткізілгені жөнінде тоқталды. Мерекеге зал күз көрінісін

беретіндей безендірілген. Өзгешелеу етіп безендірсе де болар еді, жан –жануар, жәндіктердің күздегі тірішіліктері жайлы сюжетті суреттер іліп, күзгі жаңбыр дауысын бейнетаспаға бастырып немесе құстардың шулаған дауысын бастырса да болар еді. Балалар жақсы өнерлерін көрсетті, тек нөмерлерінің арасы үзіліліп қала берді. Тәрбиешілер сөзін жатқа айта алмады. Ол дұрыс емес. Сахнаға шығып қағазға қарап тұрған өте ыңғайсыз көрінеді. Педагогқа үлкен сын.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Әтен Жансая сөз алды.

Маған ұнағаны «Қырманға кел, қалақатай» әніне балалардың көрініс көрсеткені. Көз алдыма еңбекші қазақ ауылы, дала қырман елестеді. Маңдай терін сүртіп, еңбектеніп жүрген жігіттер, дәнді ысырап етпей жинап алуға ұмтылуда. Балалар өте әдемі алып шықты.

Тәрбиеші Өменова Ақмарал сөз алды. Балалар сахнада өздерін өте еркін ұстады. «Жыл мезгілдері» биінде балалар әр жыл мезгілінің мінезімен танысқандай болды. Қаһарлы қыс айлары, көрікті көктем, жайдары жаз және алтын күз.

3.Тыңдалды

Балабақша жылдық жоспарындағы бақылау мен басшылық жоспары бойынша Ересек топ балаларын салауатты өмір салтына тәрбиелеудегі жұмыстар тексеріліп, қорытындылады. Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева тоқталып өтті.

Ересек топ «Балауса» тобы.

Тәрбиешісі Б.Бабаева

Таңертеңгі жаттығулар ұйымдастырылды: Жүру, жүтіру, аяқтың ұшымен жүру. Қол, бел, басқа арналған жалпы дамыту жаттығулары, секіру болды. Жаттығу 6 минутқа созылды.

Ұсыныс: Балалар өте тығыз болып тұрды. Үлкен және кіші шеңбер болып тұруға болар еді.

Беті –қолдарын жуып, киімдері жеңілдетілді, жеңін түріп, сүлгілері жеке – жеке болмады. Бірақ баланың аяқ киімі жоқ.

Таңғы асты асықпай, печеньені үгіттей жеу, шайды сораптап ішпеуге үйретті. Балалар ұйымдастырылған іс –әрекетінен сон таза ауаға серуендеуге шықты. Сөйлегендер: Өменова Ақмарал . Бізде де Жана Жылдық әндер, тақпақтар , билер бар. Аяз атамен ойындар ұйымдастырып отырмыз.

Басқа топ тәрбиешілері қысқаша жоспарларымен таныстырып өтті. Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева Тәуелсіздік күніне ересек топтың тәрбие сағатының өтуін, жасыл шырша мерекесіні барлық топтың өтетін күндерімен уақыттарын белгілеп көрсетті.

Шешім:

1. Кеңес шешімінің орындалуын қадағалансын. Жауапты : А.Абилдаева
2. Ересек топтағы ұсыныстар толықтырылсын. Жауапты: Б.Бабаева
3. Жасыл шырша мерекесі 29 желтоқсан атап өтілсін. Жауапты: Тәрбиешілер.

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 3 хаттамасы**

09.01.2023ж

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Тәуелсіздік күні ,жаңа жыл мерекесін талқылау
- 3.Аралық мониторинг

1.Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйледі: меңгеруші А.Абилдаева ана тілін және мемлекеттік тілді меңгерген, құрдастарымен және ересектермен еркін қатынас жасай алатын тұлға қалыптастыру. Жас ерекшелігіне қарай балалармен ойын түрінде балаларды дыбыстарды дұрыс атауға, мәнерлеп әңгімелеуге, сөздік қорын байытуға мамандықтар, заттардың бөліктерін білдіретін зат есімдер, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер арқылы үйретсек, қоршаған ортамен таныстыру және қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру сабақтарында заттардың қасиеттерін, сапасын ажыратуда, тұрмыстық заттардың атауын атауда, заттарды жинақтап айтуда, ыдыстар, жемістер, көкөністер сөздерін сөздік қорыма енгізуде түрлі суреттер мен альбомадар жинағын пайдаланудамыз, ойыншық жайлы және сюжеттік сурет бойынша әңгіме құрастыруда байланыстырып сөйлеуге үйренсе, ертегілерді драмалауда балалардың сөздегі ырғақ мәнерінің тәсілдеріне үйренеді. Балалар әңгіме құрастыруда, драмалағанда импровизация жасауды да қоса меңгеруде.

2.Тыңдалды: Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.

Сөйледі:Өтен Жансая – тәрбиеші Тәуелсіздік мерекесі балаларға үлкен зор әсер қалдырды. Еліміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны жөнінде әңгімелер мен әндер орындалды.Отан туралы қызықты, әсем қала Астана туралы тақпақтар жаттап, балалардың туған ел туралы түсініктері кеңейіп, тіл байлығы артты.

Сөйледі: Өменова Ақмарал– тәрбиеші осындай мерекелерді балалар әр ұлттың өз мәдениеті, тарихы, тұрмысы мен ерекшеліктерін ажырата біледі. Тарихи және мәдени құндылықтарын, бірлігін түсінеді. Басты байлық – тыныштық, бейбітшілік екенін түсінеді. Ол байлықты сақтау үшін үлкен күш жұмсалатынын түсінеді, Отанын сүйіп, құрметтейтін болады.

Сөйледі: А.Абилдаева меңгеруші - жаңа жылдық шырша мерекесінен балалар көп сыйлық қуаныш күтеді, ата-аналар да оған дағдыланып қалды. Әр мереке өзінше қызық өтеді. Биылғы жылқы жылының кереметтері,

қызықтары да аз болған жоқ. Қаршақызбен кішкентай бүлдіршіндеріміз гномдар, ақшақарлар биін билеп сүйсіндірді деп өз сөзін аяқтады.

Сөйледі: Б.Бабаева – тәрбиеші біздің топтың балалары өте кішкентай болса да барлығы маскарадның киімінде болды. Балаларымыз қатты қуанды. Тәтті тілдерімен жаттаған тақпақтарын айтып, ата-аналарын қуантты. Балалар өздерін жақсы ұстады. Ұжым болып, хор, биде татулық таныта білді. Музыка әуеніне ілесе отырып ән айтып, Аяз атамен ойындар ойнадық. Ата-аналар ризашылығын білдіріп жатты. Сыйлықтарға балалар қатты қуанды. Жаңа жылдық шыршаға, залдың безендірілуі бәрі бүлдіршіндерге қуаныш пен шаттық әкелді деп ойлаймын.

Шешім:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуын қадағалансын. Жауапты: А.Абилдаева
2. Қаңтардың 10-16 аралығында балалардың білім біліктілік деңгейін анықтау басталсын. Мониторинг жүргізілсін. Жауапты: Тәрбиешілер

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 4 хаттамасы**

10.03.2023ж

Қатысқандар: 8

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде
- 2.Сегізінші наурыз, Наурыз мерекелерінің бағдарламасын бекіту.
3. «Таңертенгі жаттығуда спорттық құралдарына қолдануды жоспарлау және пайдалану.Тақырыпты тексеру қорытындылары.

1.Тыңдалды: Кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі Д.Аманбаева тоқталып өтті. Ол өз сөзінде былай деді: «Жалпы білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі кезеңде білім мен тәрбие қатар жүреді. Балбақшада берілген тәрбие барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан –жақты тәрбиемен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Балаларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру, олардың ақыл –ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу –бүгінгі күн талабы. Балалардың оқу қызметі үстінде, көңіл –күйін, зейінін, әрекеттерін бақылау, қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, тапқырлыққа баулу, ойлауға, танымдылығын дамыту үшін пікір алмасу, шығармашылық қабілеттерін шыңдау тәрбиешіге байланысты. Тәрбиеші ақпарат беруші, тексеруші, жазалаушы қызметін тастап, керісінше ізденішу, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек. Оқу тәрбие үрдісін жоспарлауда әр тәрбиешіден үлкен еңбек талап етіледі. Сондықтан тәрбиешіге зор талаптар жүктеледі. Балабақшамызда осы талаптарға сай мамандарымыз қалай жұмыс жүргізуде, оны өткізіп жатқан іс –шаралар, ашық ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерінен, мерекелік іс –шаралардан байқалады. Сон да, біз сапасын көп көңіл бөліп, толықтыра түсуіміз, ізденуіміз қажет деп ойлап, үлкен жауапкершілікке шақырамын»

.2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші Б.Бабаева сөз алды: 8-наурыз халықаралық аналар мерекесі өте әсерлі де, қуанышты мереке. Балалардың өзі аналарын қуантқысы келіп, мерекеге өте ықыласпен қатысқысы келіп тұрады. Біз залды мерекеге түймедақтармен әдемі етіп 8 санын жазып, гүлдерді көбейткенді жөн көрдік, көктемнің алғашқы мерекесі болғасын, көктемді сезінейік дедік. Ал концерттік бағдарламаны тәрбиешілермен бірге отырып әзірледік. Орта «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі А.Өменова сөз алды: Біздің мерекелік ертеңгілігіміз «Ана –ең асыл жан» деп аталады. Балаларымыз мерекеде аналарымызды құттықтап, бас иіп сәлем беруден басталады, тосын сиға «Көктем» келіп құттықтап, бірге ән салады, би билейді, ата –аналармен «кір жуу» ойынын ойнаймыз. Орыс биі, «Жаяу» әні, тақпақтарымыз бар –деді.Басқа топ

тәрбиешілері де танысып, бағдарламаның мазмұны мен уақыты жайлы, музыкалық жетекшісімен бірге шешімдер қабылданды. Балабақша меңгерушісі бағдарламалармен таныса отырып, наурыз айының 20 күні өткізу тапсырып, бекітті.

3.Тыңдалды:Үшінші мәселе оқу тәрбие жұмысын бақылау мен басқару бөлімінде жоспарланған «Таңертеңгі жаттығуда спорттық құралдарына қолдануды жоспарлау және пайдалану. Тақырыпты тексеру қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды. Тексеру бойынша анықталғаны кіші «Ақбота» тобында таңертеңгілік жаттығулар балалармен күнделікті таңертеңгі уақытта ұйымдастырылған.Жаттығулар топтамалары балалардың жасына сай жобаланған.

Шешім:

- 1.Өткен кеңес шешімдері қабылдансын. Жауапты А.Абилдаева
2. 8- наурыз. Балалар жасына лайықты әндер, билер болуын қадағалау. Жауапты: Тәрбиешілер.
3. Таңертеңгілік жаттығуда спорттық құралдарды қолдануды жоспарлау және пайдалану бойынша тақырыпты тексеру қорытындысы қанағаттанарлық.

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

**Меңгеруші жанындағы кеңестің
№ 5 хаттамасы**

12.05.2023ж

Қатысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 8- наурыз, Наурыз меркесін талқылау
3. Өнімді іс –әрекет түрлерінің қамтылуы және жоспарлануы.
Тақырыпты тексеру қорытындылары.
4. Жазғы сауықтыру шараларын бекіту.

1.Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алды.Әрбір мереке, іс –шараларды өткенде басты мақсатымыз ата –аналарымызбен бірлесе отырып айнала қоршаған әлем мен өмірлік құбылыстарды сезінуге қабілетті, қарапайым шығармашылықта іскерліктер мен дағдыларды меңгерген бала тұлғасын қалыптастыру, мерекелік пен азаматтық сезімдерін қалыптастыру, қоғамдық өмірге араласуына талпынысын тәрбиелеу, сенімділігін ояту.

Өткен мерекеде балалар туысқандырымен балабақша қызметкерлеріне әндер, сый, билер дайындап, жақсы құттықтау тақпақ –өлеңдерін айтты. Мерекелік зал әдемі етіп безендірілді. Балалармен бірге ата –аналар да жақсы көңіл –күйде болды.

Сөйлегендер: меңгеруші А.Абилдаева : осындай іс –шаралар арқылы ата –аналардың бала тәрбиесіндегі оң көзқарастарымен дұрыс бағдарын және баланың ата –анасына, жақындарына мейірі мен сыйластығы қалыптасады. Ата –ананың балның балабақшадағы өмірімен танысуға, құрдастармен қарым –қатынасын байқауға, мүмкіндік туады. Сол үшін бала үшін де ата –ана үшін де жағдай жасауға әрекет еттік.

2.Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша мерекелік іс –шара талқыланды. Тәрбиешілер өз ойларын білдіріп, өту деңгейіне баға берді.

Сөйлегендер: Тәрбиеші: Б.Бабаева

Ата –аналар осындай меркелер мен іс –шараларда тәрбиешілермен бірлесе отырып, баланың бойындағы ерекшеліктері мен қабілетін ашып, талантты пындауға көмектескендей болады. Ата –аналармен қарым –қатынас жасауда кездесетін қиыншылықтар да жоқ емес. Бірақ оң шешімін табуға әрекеттенеміз.

Тәрбиеші:Әтен Жансая: Ия, аналар күніне арналған меркелік ертеңгіліктер әр қайсысы өзінше әсерлі қызық болды. Кішкентай бүлдіршіндер өнерлерін салды. «Балапан» тобының «Әжетайым» әніне жасалған бөбектердің сахналық көріністеріне аналар мен әжелер де дән риза, әр ананың көз жанары өз баласында, ана махаббатын аямай –ақ, шуағын шашуда.

Меңгеруші А.Абилдаева : Әрине мерекенің аты –мереке. Көңілді әуен, би, сәнді киімдер адамға жақсы көңіл –күй сыйлайды. Бәрібір сахнада сөйлеуде тәрбиешілер сөйлеу мәдениетін ала де зерек меңгеруі тиіс. Біз бала тәрбиесімен айналысып, өз тәрбиемізді де естен шығармайық. Маған «Ақбота» тобының ата –аналармен ойыны ұнады. Ана мен бала арасындағы ынтымақтастық, тәрбие, ықылас көрініс тапты.

3.Тыңдалды:Келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Абилдаева сөз алып, ересек топта өткен «Өнімді іс –әрекеттердің түрлерінің қамтылуы және жоспарлануы» тақырыпты тексеру қорытындысына тоқталды.

Ересек «Балауса» тобы, тәрбиешісі Б.Бабаева

Өнімді іс –әрекеттерден:Құрастырудан қамтылған тәсілдер: оригами, кима қағаздан, сіріңке қорабынан, құрылыс материалдарынан: Гүлдер жасау: (оригами), жиһаз (Қағаз), «Үлкен үй» (ағаш бөліктері) Жүк машинасы «кима қағаздан, сиқырлы таяқшалар

